

Берілген жоба жұмыс жасап тұрған «ҚазТрансОйл» АҚ шығыс филиалы, Қарағандымұнай құбырлары басқармасын сипаттау және арнайы техника мен технологиялық көлік цехының, көлік техникасын тиімді таңдау және сапаның дәрежесін болжау, өндірістік басқармасының тиімділігін арттыру және реконструкциялау мақсаттарын шешеді, оның ішінде, бұл жөндеуші жұмысшылардың еңбек жағдайларын жақсартуға, еңбек өнімділігін арттыруға және жөндеуші жұмысшыларды ынталандыруға мүмкіндік туғызады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жаңбыров Ж.Ф. Автокөлік ұжымдарының тиімділігін зерттеу ерекшеліктері // Вестник Каз.НАУ, Алматы, 2007. - №4. - Б.36-39.
2. Арпабеков М. Баубек. А. Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары: оқулық - Астана : Фолиант. 2010. - 302 б.
3. Жаңбыров Ж.Ф. Автокөлік кәсіпорындарының даму талаптары // Вестник НАН РК, Алматы, 2007. - №6. - С.43-48.
4. Ибатов М.К. "Жол қозғалысын ұйымдастыру және қауіпсіздік". Оқу құралы. – Қарағанды: КарМТУ, 2000. – 148б.
5. Жанбирова Ж. Ф. Өндірісті ұйымдастыру және кәсіпорын менеджменті: оқулық – Алматы : Эверо 2014. - 371 б.
6. Сыртанов С.Қ., Қиялбаев Ә.Қ., Автомобиль жолдарындағы жол қозғалысының қауіпсіздігі. – Алматы: ҚазККА, 2004. – 80 б.
7. Төлембаева А. Н., Бейжанова. А.Т. Логистика / оқулық – Алматы: Дәуір, 2011. - 291 б.
8. Дәуренбекова Ә.Н. Өндірісті ұйымдастыру: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2007. – 174 б.
9. Жаңбыров Ж.Ф., Қалиев Е. Автомобильдің құнын жоғалту және оны анықтау // Вестник КазАТК, Алматы, 2007. – №2. – Б.183– 186.

Қарағанды қаласы жаңа инфрақұрылымды аудандарында жолаушылар тасымалын жетілдіру

Исаева Күлмараш Раматуллақызы

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
Көлік және логистикалық жүйелер кафедрасының профессоры
педагогика ғылымы кандидаты, доцент*

kulmarash-isaeva@mail.ru

Нұрмағамбетов Елдар

ККТЖТ-22-1к тобының студенті

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті

Автобус маршруттарында жолаушыларды тасымалдау барысын жетілдіру мүмкіншіліктерін іздеу үшін жан жақты да әр түрлі зерттеулер жүргіземіз.

Автобус - қаланың орталығында, көптеген бағыттарда жолаушыларды тасымалдауды қамтамасыз етеді. Автобустарда жолаушылар тасымалдау сапасын жақсарту маршруттарды жетілдіру шараларын талап етеді. Жылжымалы құрамды пайдалану тиімділігін арттыру бойынша шаралар әзірлеу мен енгізу халыққа көліктік қызмет көрсетуді жақсарту, көліктік шығындарды қысқарту мен өнеркәсіп тиімділігін арттырудағы маңызды жағдай болып табылады.

Жалпы қазіргі кезде қала халқының жағдайы қаншалықты жақсарғанымен, яғни жеңіл авто көліктердің саны қанша көбейді дегенмен қала халқының көпшілігі қала ішілік көлік, демек автобустарды пайдаланады. Бұдан келіп шығатын түйін қала ішілік маршруттардың қоғамда алатын орны өте маңызды. Қала тұрғындарының жылжу үшін кеткен уақытын – аялдамаға келу үшін кеткен уақыт, аялдамада көліктің келуін күту уақыты, жолға кеткен уақыт, тиісті жерге жүріп келу үшін кеткен уақыт жиындысына тең деп айтуға болады. Адамдардың қажетті жерлеріне (жұмыс орнына, балабақшаға, оқу орындарына) уақытында жетуіне, көңіл күйінің , жұмыс өнімділігінің артуына біздің қарастырып отырған қала ішілік автобус маршрутының қозғалысының тиімді ұйымдастырылуы мен жетілдіруіне әбден байланысты.

Жолушыларды тасымалдау сапасы, көліктерде жылжу үшін және көліктерге шығып - түсуге кеткен уақыт , ыңғайлылығымен анықталады.

«Инфрақұрылымның сәйкес келмейтін пайдалану параметрлері көлік құралдарының тозуымен қатар тасымалдаудың өзіндік құнын арттыра отырып, оларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету шығындарының өсуіне себеп болады, қоршаған ортаға теріс әсер етеді, көрсетілетін көліктік-логистикалық қызметтердің сапасын төмендетеді, жол-көлік оқиғалары санының өсуіне әкеледі.

Автокөлік саласындағы тұжырымдары мен ғылыми негізделген әдістемелерін пайдалану көптеген кәсіпорындары үшін мүмкін болмай отыр, оған себеп мыналар:

- жүргізілген экономикалық реформаларға сәйкес автокөлік кәсіпорындарының 70 пайыздан астамында автокөліктер саны 9.-10 құрайды, ал логистикалық әдістемелерді жүйелі, әрі ұтымды пайдалану үшін автокөліктер саны 40-тан кем болмағаны жөн;

- автокөліктердің тұрақты техникалық дайындықта болып, жоғарғы деңгейде сапалы техникалық күтім және жөндеу жұмыстарын атқару үшін арнаулы орындар саны жеткіліксіз, ал еліміздегі пайдаланып отырған автокөліктердің 80 пайыздан астамы бұрын басқа

мемлекеттерде 10.-13 жыл қолды болған ескі, заман талабына сәйкес келмейтін көліктер;

- көліктік логистика жүйесіндегі автокөліктермен тасымалдау, жеке адами факторларға тікелей тәуелді, жол қозғалысы апаттарының 65 пайыздан астамы жүргізушілер қателігінен және жол үстіндегі тиісті инфрақұрылымдардың болмағандығынан.

Қарағанды қаласының бас жоспарында келесі мәселелерді шешу көзделеді:

- күрделі және жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарының барлық түрлерін жөндеуді, оның ішінде, оның техникалық жай-күйін, моральдік тозуы дәрежесін және тарихи-мәдени құндылығын ескере отырып, ескі тұрғын үй қорын қайта жанартуды жүргізу;

- қоғамдық құрылыс пен көгалдандыру құрылысының қарқыны тұрғын үй құрылысының қарқынынан 20-25 % озып отыратын қарқынмен қаланы мәдени-тұрмыстық жүйесінің деңгейін барлық қызмет көрсету түрлерінің нормативтерімен қамтамасыз ету деңгейіне дейін жеткізе отырып дамыту;

- өнеркәсіптік орындардан барынша алшақтата отырып, аумақтарда экологиялық жағдайы неғұрлым қолайлы жаңа тұрғын үйлер салуды жүзеге асыру;

- экологиялық жағдайды жақсартуда септігін тигізетін табиғи ландшафт аймақтары мен көгалдандыру жүйесі табиғи түрде қамтылған перспективалы жоспарлау құрылымын қалыптастыру, тұрғын үй аудандарында жасыл желек ауданы аумақтың кемінде 50-60 % алады немесе бір адамға 25 м² кем болмайды;

- емдеу-сауықтыру және рекреациялық мекемелер желісін кеңейту және оларды қолайлы санитарлық-гигиеналық жағдайлары бар аумақтарда орналастыру.

Қоғамдық және әкімшілік-іскерлік облыс орталығы қаланың оңтүстік-шығыс бөлігінде (45га) Спасск тас жолы мен 7-ші магистраль арасында орналастырылады. Мұнда ірі бизнес орталығы, Диалог және қоғамдық келісім облыстық орталығы салынады.

Орталық коммуналдық аймақта технопарк, ғылыми және эксперименттік-технологиялық орталықтар, көрме кешендерінің құрылысын салу көзделеді (54 га). Бұрынғы аумақтарынан денсаулық сақтау мекемелері көшірілетіні ескеріле отырып, орталық көп бейінді емдеу-сауықтыру кешені (52 га) салынады.

Ендігі біздің қарастыратын негізгі мәселемізге келетін болсақ, яғни экономика барынша дамыған сайын автомобиль көліктерінің саны көбейіп, халықтың көлікпен жүріп-тұруында кейбір қоғамға тиімсіз

мәселелер туындай бастады. Біздің дипломдық жұмыстың негізгі тақырыбы мен мазмұны осы жайында болмақ.

Еліміздің бірыңғай көлік жүйесінде автокөлік транспорты маңызды роль атқарады. Жүк айналымы мен жолушылар айналымы жылдан жылға өсуде. Біздің алып отырған тақырыбымыз Жолушыларды автобус маршруттарымен тасымалдау болғандықтан осы төңіректе қарастыратын боламыз.

«Республиканың жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының ұзындығы 96 мың шақырымнан асады. Қарағанды облысының автомобиль жолдары желісі республика автожолдарының жалпы ұзындығының 12 422,3 шақырымын немесе 13%-ын қамтиды, оның ішінде республикалық маңызы бар – 2 785, облыстық маңызы бар – 3 443,3 , аудандық маңызы бар – 2 522 , елдімекендер жолдары – 3 672 шақырым. Ұзындығынан облыс өңірлері арасында 5-ші орында.

Облыстың көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында 2020 жылы жалпы пайдаланымдағы 2 мың шақырымнан астам автомобиль жолдары жөнделді, оның ішінде:

- республикалық маңызы бар автожолдар – 882;
- облыстық маңызы бар автожолдар – 561;
- қалалар мен аудандардағы автожолдар – 700 шақырым.

Автожолдарды жөндеу нысандарында 10 мыңға жуық жұмысшы мен 4 мыңнан астам техника жұмылдырылды.»

Қаланың көлік инфрақұрылымын дамыту үшін көше-жол торабы желісінің тығыздығы мен қалалық магистральдардың ұзақтығын ұлғайту көзделген. Жол айырықтарын, эстакадалар, көшеден тыс жүргіншілер өткелдерін салу көзделуде. Қазіргі заманғы қозғалысты реттеу мен бақылаудың ақпараттық жүйелері, қозғалыс режимі шектелген аймақтар, машиналарды сақтаумен қою және автосервис аймақтары құрылады. Көлік ағындарынан оқшауландырылған жүргіншілер аймақтарының, көшелердің, алаңдардың тарамдалған желілері жоспарланады.

Көшелер мен жолдардың бір деңгейдегі қиылыс геометриясы жетілдіріледі, жергілікті жол жүру бөліктері жасалады, қиылыстар мен өткізгі жол аумақтары кеңейтіледі. Бұл салыстырмалы түрде аздаған шығындармен көше-жол торабының желісіндегі жекелеген учаскелердің өткізу қабілетін 10-15 % арттыруға мүмкіндік береді.

Бас жоспар бойынша қаланың болашақ шекарасы шегінде сыртқы жылдам айналмалы жол жоспарланған салынған да. Қаланың қоныстандырылатын құрылыстарынан тыс сыртқы бөлігінен өтетін үлкен сыртқы айналма жолы транзиттік жүк көліктері жүруге арналған.

"Сары-Арқа" әуежайы үшін Еуропа, Жапония, Қытай, Оңтүстік-шығыс Азия және Таяу Шығыс шетелдік әуе компанияларының ірі тоннажды әуе жүктерінің транзиттеріне қызмет көрсету перспективалы болып отыр.

Қарағанды облысында жалпы қолданатын автомобиль жолдары 8858,3 км құрайды, оның ішінде республикалық мақсаттағы — 2837 км, облыстық және аудандық мақсаттағы — 6021,3 км. Қарағанды қаласы көшелерінің жалпы ұзындығы 530 км-ді құрайды. Қарағанды облысы бойынша автобуспен тасымалдауды негізінен №3 Қарағанды автобус паркі жүзеге асырады.

Маршруттар Қарағанды қаласының негізгі кәсіпорындары мен тұрғын беліктерін байланыстырады. Шахтерлерді тасымалдау бойынша маршруттар ұйымдастырылды. Қазіргі кезде АҚ №3 автобус паркі Қарағанды қаласы мен облысының ірі тасымалдаушыларының бірі болып табылады. Қуатты өндіріс базасы салынды, жылжымалы құрамның саны артты, жаңғыртылды, маршруттық желі өзгерді, жолаушыларға қызмет көрсету мәдениеті жоғарылады. Қазір №3 автопарк құрамында 1700 адам жұмыс істейтін ұжым күн сайын жолға «Мерседес», «Ман», «Сетра» таңбалы 600 комфортабельді автобустар шығарады. Әр күні 200 мыңнан астам жолаушылар тасымалданады.

«Сапар» ЖШС Қарағанды облысы бойынша автовокзалдар мен автостанцияларды біріктіреді, оларда 186-ға жуық адам жұмыс істейді. Алғашқыда бұл кәсіпорын «Автовокзалдар мен автостанциялар бірлестігі», кейін Қарағанды бас автовокзалы деп өзгерді. 1996 ж. кәсіпорын акционерлік қоғамға айналды, ал 1998 ж. «Сапар» ЖШС деп өзгерді. Қарағанды автомобиль вокзалының тәуліктік өткізу қабілеті 15 мың жолаушы болады.

«Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында көліктің барлық түрлерімен жолаушылар тасымалын ұйымдастырып, сапалы байланыс құралдарымен қамтамасыз етеді, сонымен қатар жергілікті маңыздағы жолдардың құрылыс, жөндеу және қалыпты жағдайда ұстау жұмыстарын жүргізеді.

Қазіргі уақытта облысымызда 233 елді мекенді қамтитын жолаушылар мен жүк тасымалының тұрақты 329 автобус бағыты, соның ішінде қалалық 133, ауданишілік 74, қаламаңылық 54, облысшілік 68 маршруты жұмыс істейді. Әлеуметтік маңыз берілген 133 маршрутты қамтамасыз етуге бюджеттен қажетті қаражат бөлінеді. Осы мақсатқа облыс бюджетінен 2020 жылға 491 миллион теңге бөлінді.

Б. Ашимов көшесі географиялық орналасуы бойынша Қарағанды қаласындағы Оңтүстік Шығыс аймағында орын тепкен, немесе қазір

соңғы жылдары Қарағанды қаласының инфраструктурасының даму жоспары бойынша Жаңа қала аталып жүрген жаңа ауданның маңызды көшелерінің бірі.

Б. Ашимов көшесінің жол қозғалысын ұйымдастыру сұлбасы 2 суретте көрсетілген.



2 Сурет. Б.Ашимов көшесі көрінісі

Бұл көше бойымен жүретін автокөлік құралдарының негізгі бағыттары Оңтүстік Шығыстың төменгі аудандарынан қалаға, Майқұдыққа, Сұрыптау станциясына, Қарқаралы бағытына жүретін автобустар. Тәттімбет көшесінің бойында көп қабатты тұрғын үйлер массиві, поликлиника, әкімшілік ғимараттар, Автоорталықтар, сауда орталықтары. Сонымен қатар, көше бойында төрт автотұрақ, автосалоны орналасқан. Әлі де өзгеріп жатқан күрделі маңызды нысандарға толы Тәттімбет даңғылы жолаушылар тасымалдауды және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіруді талап етеді.

Біз қарастырып отырған Б.Ашимов көшесі жаңа қалыптасқан аудан, мемлекеттік бағдарламамен жаңадан салынған 16 қабатты "Панель центр" аталатын 3 тұрғын үйлер кешені, 22-25 қабатты «Трилистник» 6 тұрғын үй кешені, Қарағанды облыстық соты ғимараты, Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық прокуратурасы ғимараты, жаңа №103 мектеп салынып іске қосылған. Сонымен қатар "Керемет" тұрғын үй кешені салынып пайдалануға берілді, «Байсанат-1», «Байсанат -2» көп қабатты тұрғын үй салынууда, 18 қабатты «Жаңа қала», «Атамекен» зәулім тұрғын үйлері салынууда, әлеуметтік маңызды кешендер жоспарланып тұрғызылуда.

Қарағанды қаласының бас жоспары бойынша Облыстық Әкімшілік ғимараты, Концерт залы салынады деп күтілуде

Сондықтан жаңа инфрақұрылымды Б.Ашимов көшесі жол қозғалысын ұйымдастыру және жолаушылар тасымалын жетілдіру осы дипломдық жобаның негізгі мақсаты болып табылады.

Жоғарыда анықталған автокөлік қозғалысын ұйымдастыру шараларының кемшіліктері осы жол учаскесінде қозғалысты дұрыс, тиімді ұйымдастыру шараларын жобалауды қажет етеді, яғни, Б. Момышұлы көшесі бойымен әр түрлі көше қиылыстары арқылы 146, 19, 70, 65 автобустар жолаушылар тасымалдайды. Ал, Б.Ашимов көшесімен жолаушылар тасымалын жетілдіру шешімін табу керек маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Инфрақұрылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1055 қаулысы.

2 Жаңбыров Ж.Ф.Автокөліктермен тасымалдау // Оқу әдістемелік нұсқау. – Алматы: АГТУ. 2006. – 2,25 б.п.

3 Жаңбыров Ж. Ф. Автокөлік логистикасы негіздері : оқулық / - Алматы : Эверо, 2015. - 489 б.

4 Айжамбаева, С. Ж. Автокөлікпен жүктерді тасымалдау : оқу құралы / Қарағанды мемлекеттік техникалық ун-ті, ҚР білім және ғылым мин-гі. - Алматы : New book, 2018. - 103 б.

5 Төлембаева А.Н. Логистика: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 203б.

6 Жаңбыров Ж.Ф., Қайырбаева А.Е. Өндірісті ұйымдастыру және кәсіпорын менеджменті. Оқулық. Алматы, «Нұр-Принт»,2008. – 320 б.

7 Жаңбыров Ж.Ф.,Қалиев Е.Автомобильдің құнын жоғалтуы және оны анықтау// Вестник КазАТК,Алматы, 2017. – №2. – Б.183– 186.

8 Сабыралиев Н. С. Автомобиль құрылысы және көлік жүргізушілерін даярлау : оқу құралы: 1-ші бөлім / - Алматы : Бастау , 2015. - 387 б.